

Батыстан шығып, барша қазақ еліне қызмет еткен азамат

Ұлы ойшыл Абай Құнанбаев «Өлді деуге сияма ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» десе, кейбір ойшылдар «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Осы сөздерді профессор Ким Гұсманұлына арнап айтсақ, артық айтпаған болар едік. Оның артында өлмес сөз қалдырған, өшпес із қалдырған ғалым екенін білеміз.

Профессор Ким Гұсманұлы – ғалым, біртуар азамат деп айта аламыз. Күні бүгінге дейін профессордың артына қалдырған ғылыми еңбектерін білім алушылар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары пайдаланып жүр. Алайда ғалымның тоқсан жылдық торқалы тойы қарсаңында ғалымның жазған кейбір еңбектеріне тоқталып, талқылауды жөн көрдім.

Еліміз тәуелсіздік алып өз бағытымызды өзіміз айқындап, мемлекеттік тілге көшу кезінде, білім саласында білімалушыларды, яғни студенттерді мемлекеттік тілде дайындалған оқу құралдармен қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті болды. Сол кезеңдері кейбір ғалымдар жақсы өмір іздеп, қолындағы қаламын нарықтың басқа құралдарына ауыстырған тұлғаларда болды, ал профессор өз ісінің адал азаматы ретінде «Менеджмент негіздері» атты оқу құралды мемлекеттік тілде дайындап шықты. Бұл оқу құрал қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоймаған құнды ғылыми еңбек деп айтуға болады.

«Менеджмент негіздері» оқу құралы 1993 жылы қазақ тілінде Алматы қаласында жарық көрді, оқу құрал үш бөлімнен тұрды, олар: менеджменттің әдістемелік негіздері, басқару процесі, қызметкерлерді басқару.

Оқу құралменеджменттің қалыптасуы мен оны нақты кәсіпорындарда пайдаланылатын құралдарын талдап қамтыды. Нақтырақ айтсақ, бірінші бөлімде менеджмент туралы түсінік, оның жүйелерімен басқару құрылымына қойылатын талаптар және әлемнің дамыған елдерінде қалыптақан менеджменттік жүйе туралы айтылған.

Екінші бөлімде, басқару процесі, менеджменттің атқаратын қызметтері және басқару шешімен қатысты нақты дәлелденген ақпараттар берілген.

Үшінші бөлімде, қызметкерлерді



басқару жүйесі, соның ішінде мотивация, менеджменттегі коммуникация, келіспеушілік, басшылық стилі, басқару еңбегінің мәдениеті мен этикасы.

Оқу құралдың бірінші бөлімінде ұйымның не үшін жұмыс істейтінін және белгілі бір басқарушылық шешімдер қабылданатынын жалпы түсінуді қамтамасыз етеді (бұл ұйымның барлық бөлімшелері мен қызметкерлерінің стратегиялық мақсаттарына жету үшін қызметінің бірыңғай бағытын ұсынуға мүмкіндік береді). Менеджмент ұйымның қазіргі жетістігін емес, сыртқы ортаның тұрақтылығы мен қатаң бәсекелестік жағдайында оның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған ақпараттар берілген. Сонымен қатар оқу құралды оқу арқылы менеджмент стратегиямен байланысты барлық деңгейдегі менеджерлердің шешімін біріктіруге мүмкіндік береді және ресурстарды пайдаланудың баламалы нұсқаларын бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етуді түсіндіреді, яғни ресурстарды стратегиялық негізделген және тиімді жобаларға ақылмен ауыстыру талдап нақтылап береді.

Бұл оқу құралды сол кезде республиканың барлық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары өздерінің оқу үрдісіне пайдаланып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Ұстаз және ғалым Ким Гұсманұлы жастарды тәрбиелеуде, олардың бойына

жаңашылдыққа ұмтылуды және үнемі ғылыми ізденісте болуды сіңіре білген ұстаз. Еліміз нарықтық экономикаға көшумен байланысты болып жатқан жаңа экономикалық қатынастарға студенттерді, яғни болашақ мамандарды бейімдеу мақсатында оқу процесіне Іскерлік ойынды енгізген ұстаз.

Іскерлік ойын ол қалыптасқан жағдайды зерттей отырып, оған қатысты жаңа шешім қабылдау процесі. Студент іскерлік ойынға қатысу арқылы теориялық білімін нақты тәжірибемен ұшастастырады, сонымен қатар студент өзін тұлға ретінде және топтың басшысы ретінде сынап көруіне мүмкіндік алады.

Ким Гұсманұлы іскерлік ойынды енгізу арқылы студенттердің, яғни болашақ мамандардың келесі қасиеттерін бағалайтын:

- Студенттің іскерлік, кәсіпкерлік белсендігін;
- Студенттің тактикалық және стратегиялық шешім қабылдау деңгейін;
- маманның болашақ ортаға бейімделу қабілетін;
- қалыптасқан жағдайды бағалап, оның болашақтағы қызметін болжай білуін;
- болашақ маманның шешім қабылдау стилі мен басшылық қабілетін.

Іскерлік ойында студенттер нақты кәсіпорынның көрсеткіштерін талдап, оның қызметін жетілдіруге қатысты бизнес жоспарын жасайды. Ол үшін іскерлік ойынға қатысушылар кәсіпорын жұмыс жасайтын нарықты зерттеп, өнім түріне байланысты нақты шешім қабылдап, өнім өндіру, яғни өндіріс жоспарын, маркетинг жоспарын, қаржы жоспарын есептейді.

Іскерлік ойын келесі кезеңдерден тұрады топ мүшелерін қалыптастыру, зерттеу объектісімен танысу, нақты іскерлік ойын, ойын нәтижесін студенттердің қорғауы, қорытынды бағалау нәтижесін жариялау.

Жалпы бұл Іскерлік ойынның ең басты ерекшелігі студенттердің іскерлік ойынға қатысу мерзімі аралығында экономист, қаржыгер, бухгалтер және тағыда басқа маман иелерінің қызметін орындауына мүмкіндік береді және әрбір тұлғаның нарықта өз ісін ашуына ұмытылуына негіз болады.

Бұл іскерлік ойынды оқу процесіне енгізуде профессор Ким

Гұсманұлы көптеген ұйымдық және әдістемелік еңбек етті. Профессор Ким Гұсманұлының 1997 жылы «Агробизнес. Введение в рынок» атты іскерлік ойынының оқу әдістемелік құралы жарық көрді. Мұнда іскерлік ойынды өткізудің толық сценарийі талданып, әдістемелік негізі берілген.

Сонымен қатар осыған дейін айтып өткеніміздей Профессор Ким Гұсманұлы жаңашылдыққа жаны жақын жүретін ұстаз болғандықтан, студенттердің дипломдық жұмыстарын орындау үрдісінде жаңашылдық енгізген ұстаз. Профессор Ким Гұсманұлының ғылыми жетекшілігімен студенттер кешенді дипломдық жұмыстар орындады. Студенттердің мұндай кешенді дипломдық жұмыстарды орындауы бір кәсіпорынды жан-жақты талдап, оның нақты даму бағытын толықтай зерттеуіне мүмкіндік береді. Екі немесе үш студенттің бір зерттеу объектісін жан-жақты талдап, нақты ұсыныстар дайындауы, студенттердің ғылыми мүмкіндіктерін шындай түседі. Осы бағытта дипломдық жұмыстар орындаған студенттер кәсіпорындардың бүгінгі күні нақты проблемаларын жете түсінеді деп ойлаймыз.

Ким Гұсманұлының ғылым жолындағы және жас мамандарды дайындаудағы еңбегі ұшаң теңіз. Ким Гұсманұлы көптеген кандидаттық диссертацияларға ғылыми жетекшілікті жүзеге асырды. Соның бірі өзінің кандидаттық диссертациямды Ким Гұсманұлының басшылығымен 2003 жылы қорғап шықтым. Ғылыми жетекші ретінде Ким Гұсманұлы өте жан-жақты, орынды талап қоя білетін, ғылыми тұлға.

Адам неғұрлым идеялық жағынан білімді болса, ол соғұрлым өз ісінде табанды да мығым болмақ деп Ким Гұсманұлы айтқандай, әрбір тұлға өз алдына қойған мақсатына жету жолында ерінбей еңбек теуі қажет. Ким Гұсманұлының ғылым жолындағы және жас мамандарды дайындаудағы салып кеткен жолы жастарға үлгі, болашаққа тәрбиелік маңызы бар іс және біздер оны жалғастыруымыз керек дер ойлаймыз.

Шәкірті Қазамбаева Айгуль Мамаевна, экономика ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атандығы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің доценті

13 октября исполнилось бы 90 лет заслуженному деятелю Республики Казахстан, кандидату сельскохозяйственных наук, профессору, экономисту Киму Гусмановичу Ахметову. В этот день почтить память профессора, в аудитории, носящей его имя, собрались ученики, близкие, друзья, коллеги ученого.

С.Джубатырова, доктор сельскохозяйственных наук, профессор:

- Ким Гусманович был удивительным человеком: немногословный, в то же время он мог увидеть в собеседнике лучшие качества, поддержать и способствовать их развитию. С большим уважением и теплотой относился к преподавателям, пришедшим с производства.

Кима Гусмановича отличала не только широкая эрудиция вообще, но и прекрас-

ное знание дела, которому он посвятил свою недолгую жизнь – становлению и развитию науки в институте. Главной ценностью его научных интересов являлись поисковые, прикладные и фундаментальные исследования сельскохозяйственного производства, значимость которых диктовалась самыми актуальными проблемами АПК.

Работая на административной работе, он был, прежде всего, ученым, стре-

мившимся постоянно совершенствовать свои знания, которыми щедро делился со своими коллегами и учениками. И как профессионал, достигшим высокого мастерства, он был предан своему делу, передавая свои достижения и накопленный опыт молодому поколению. С благодарностью вспоминаю Кима Гусмановича и сотрудников научного отдела за то, что они принимали активное участие в поддержке при выполнении научных проектов, создавая при этом доверительную доброжелательную атмосферу.

В то же время он был многогранной личностью, посвятившим себя генеалогическому исследованию родов млад-

шего жуза. Ким Гусманович оставил бесценное наследие потомкам, своим родным, детям и внукам в том числе, установив родственные цепочки от предков к ныне живущим поколениям.

Ученый, педагог, прекрасный организатор, интересный собеседник и заботливый семьянин – это все о Киме Гусмановиче. И всегда рядом с ним была опорой в работе и семейной жизни мудрая женщина, его супруга Бигайша Халиковна.

Тактичный, скромный, требовательный к себе, доброжелательный и благородный - именно таким он останется навсегда в моей памяти.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры **Наталья ГОРОХОВА** Маман **Жайнагул САФИДОЛЛАҚЫЗЫ**

Компьютерде беттеуші және дизайнер **Қайрат ИСИМОВ** Фотограф **Руслан КУБАШЕВ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеледі. Газет АҚ «Кокше-Полиграфия» ЖК баспаханасында басылды. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы. Таралымы: 1000 дана. Тапсырыс: №2146 Газет айына 1 рет шығады. Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 227-бөлме РББ Тел: 51-61-39, (1-42). Zangar_zkaty@mail.ru